

Бурабай ауданы Щучинск қаласының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 қарашадағы № 5С-36/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда № 4518 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 6С-9/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 09.12.2016 № 6С-9/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес, Бурабай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бурабай ауданы Щучинск қаласының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
XXXIV (кезектен тыс)
сессиясының төрағасы*

Т.Жалмағамбетов

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

Ө.Бейсенов

КЕЛІСІЛДІ

Бурабай ауданының әкімі

Т.Ташмағамбетов

Бурабай ауданы Щучинск қаласының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бурабай ауданы Щучинск қаласының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Бурабай ауданы Щучинск қаласының тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Бурабай ауданы Щучинск қаласының аумағындағы тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Бурабай ауданы Щучинск қаласының әкімі шақырады.

Бурабай ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Бурабай" және "Луч" газеттері арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Бурабай ауданы Щучинск қаласының шегінде бөлек жиынды өткізуді Бурабай ауданы Щучинск қаласының әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Бурабай ауданы Щучинск қаласының ауылдарының ауыл тұрғындары қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Бурабай ауданы Щучинск қаласының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Бурабай ауданы Щучинск қаласының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Бурабай ауданы Щучинск қаласының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын үш жүз тұрғыннан бір

адам сандық құрамында бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Бурабай ауданы Щучинск қаласының ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Бурабай ауданы Щучинск қаласының әкімінің аппаратына береді.